

Ашық жиналыстар арқылы өткізілетін қоғамдық тыңдаулар ХАТТАМАСЫ

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік - аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы:

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

«Ақтөбе облысы Байғанин ауданы, Қызылбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

«ҚР ЭК-нің 122-бабына сәйкес оңайлатылған тәртіппен ықпал етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар «Солтүстік Трува кенорны СТ-73 бағалау ұңғымасының құрылысына арналған № 732 техникалық жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі», «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-ның Солтүстік Трува кенорны «Октябрьмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасы 2023 жылға арналған ауа қабатына шығатын шығарындыларды нормативтеу жобасы, «Солтүстік Трува кенорны №№783, 7569, 831, 7543, 552, 7678, 7670, 825, 514, 7836 ұңғымаларының құрылысына арналған техникалық жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі» және «2023 ж. Солтүстік Трува кен орнын жайыландыру ісін кеңейту жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі»

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы.

ШЖҚ РМК «Қоршаған ортаны қорғау ақпараттық-талдау орталығы»

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Солтүстік Трува кен орны Ақтөбе облысы территориясында Байғанин ауданында орналасқан. Кен орын Қарауылкелді мекенінен оңтүстік бағытта 145км қашықтықта орналасқан. Солтүстік бағытта 252км қашықтықта орналасқан облыс орталығы Ақтөбе қаласымен Солтүстік Трува кен орны асфальтталған тасжолмен байланыстырылған.

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қызылбұлақ а.о., Кемерші ауылы

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері:

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 312 Атқыштар дивизиясы даңғылы, 3ұй, БСН 931240001060, 030006, +7(713)-276-6149, Электрондық пошта zhulduzbaev@cnpc-amg.kz

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ ФЗИ, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алтынсарин к-сі 8, тел. +7(713)-276-8778; БСН 991041005280 Электрондық пошта nii.cnpc-amg@mail.ru

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

Өткізілу күні: 26.05.2023ж. Өткізілу уақыты: 10:00 сағ. Өткізіу жері:

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қызылбұлақ а.о., Кемерші а., Бірлік көшесі №15

ғимаратында өткізілді

9. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Хаттамаға қосылған. Қосымша - 3.2.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Хаттамаға қосылған

11. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіндігі туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда

21.04.2023ж. жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталға (<https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/13221>) жарияланды

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/press/article/details/122171?lang=kk> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде, жарияланған күні: 21.04.2023ж.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бараумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Актюбинский вестник» (орыс.), «Ақтөбе» (қаз.) газетінде 18 сәуір 2023 жыл №31 «РИКА ТВ» телеарнасы, «Бегущая строка» түріндегі жарнама қызметі. Эфирлік анықтама 14.04.2023ж.

4) _____ мекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында және хабарландыруларды орналастыру үшін арнайы тағайындалған орындарда. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қызылбұлақ а.о., Кемерші а., Бірлік көшесі №15 ғимараты мекенжайы бойынша «Байғанин ауданы, Қызылбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимараты.

Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса берілген

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қатысушылар саны - 28

Қоғамдықтың тыңдаудың хатшысы ретінде Жүлдузбаев С. Ж. ұсынылды – "қолдаймын - 28", "қарсымын-жоқ", "қалыс қаламын-жоқ" бір ауыздан қабылданды.

Қоғамдық тыңдауға қатысушылар регламенті бір ауыздан "қолдады", "қарсымын-жоқ", "қалыс қаламын-жоқ"

Қоғамдық тыңдау өткізілді деп тану туралы бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың дауыс беруі "қолдаймын- 28 ", "қарсымын- жоқ ", "қалыс қаламын- жоқ" .

13 Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Сүгүрбаева Г.С. - «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ F3И 1 дәрежелі инженері. - «Солтүстік Трува кенорны СТ-73 бағалау ұңғымасының құрылысына арналған №732 техникалық жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі».

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен барлық ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1.	Абдрахманов Әбіл Қызылбулақ ауылының тұрғыны. Ақсақалдар кеңесінің төрағасы: Сіздерге ауыл тұрғындары атынан рахмет айтамын. Жұмыстарыңызға сәттілік отбастарыңызға амандық тілеймін. Кемерші ауылында футбол ойнайтын аланның құрылысы қашан басталады?	Боранбаев К.К.: ҚОҚ бөлімі, жетекші инженер-эколог, «СНПС-АМГ» АҚ Балаларға арналған футбол алаңы жайында қысқаша айтып кетейін. Қазіргі кезде бас директор тарапынан бекітіліп, ақшасы төленіп, құрылысқа қажетті жабдықтары алынуда. Жақын арада 10-15 күн шамасында құрылысы басталмақ.	Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ. Ұсыныс қабылданды. Ескерту алынды.
2.	Әзілхан Саматұлы ., Кемерші ауылының тұрғыны Кемерші ауылының орталығына саябақ салып, ішіне варкаут орнатып берілсе? Екінші ұсынысым ауылдағы жұмыссыз жастарды компанияға жұмысқа орналастырса? Үшінші ұсынысым қыс, жаз айларында жолды қардан тазарту, тегістеу жұмыстанына техникадан көмек берілсе?	Буркитбаев Д.М.: Мұнай-газ кен орындарын барлау департаменті директорының орынбасары, «СНПС-АМГ» АҚ: Ұсыныс қабылданды. Барлық қойған сұрақтарыңыз хаттамаға кіреді. Раймқұлов Е.А.: Кадрлар бөлімінің бастығы ОМ МГӨБ «СНПС-АМГ» АҚ Жұмыссыз жастарды компанияға жұмысқа орналастыру ұсынысы бойынша қазіргі таңда біздің компанияда жалпы Байғанин ауданы бойынша 99 адам, соның ішінде Кемерші ауылынан 7 адам жұмыс жасайды. Бұрғылау жұмыстарын мердігер	Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ. Ұсыныс қабылданды. Ескерту алынды.

		компаниялар жүргізеді. Егер ұңғымадан мұнай шығып, жұмысы жалғасатын болса, біздің компания ол ұңғыманы балансқа алып, жаңа жұмыс орындары ашылатын болады. Сол кезде ауыл әкімімен алдағы уақытта хабарласып, жұмыссыз жастардың түйіндемелерін жинайтын боламыз.	
3.	Жумабаев Асыламбек – Кемерши ауылының тұрғыны Кемерши ауылдық клуб үйі 1972 жылы салынған мекеме. Қазіргі уақытта сіздер сахнаға жапқыш, сахна еденіне кілемшеден демеушілік көрсетсеңіздер?	Буркитбаев Д.М.: Мұнай-газ кен орындарын барлау департаменті директорының орынбасары, «СНПС-АМГ» АҚ: Ұсыныс қабылданды. Сахнаға жапқыш, сахна еденінің көлеміне қатысты біздерге ресми хат жолдаңыздар.	<i>Қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ. Ұсыныс қабылданды. Ескерту алынды.</i>


15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсіну үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы Сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары:

Ұсыныстар жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына сот тәртібімен шағым жасауға болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Мұңалова А.Н. – Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қызылбұлақ ауылдық округінің әкімінің м.у.а



« 30 » 05 2023г.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Жұлдузбаев С. Ж. «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» ҚОҚ бөлімі инженер-эколог



« 30 » 05 2023 г.

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 23263115001, Дата: 31/03/2023

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории:

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Месторождение Северная Трува расположено на территории Байганинского района Актобинской области

Предмет общественных слушаний: Раздел охраны окружающей среды (РООС) к индивидуальному техническому проекту №732 на строительство оценочной скважины СТ-73 месторождения Северная Трува, корректировка проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) загрязняющих веществ в атмосферу для месторождения «Северная Трува» НГДУ «Октябрьскнефть» АО «СНПС-Актобемунайгаз» на 2023 год, раздел охраны окружающей среды (РООС) к групповому техническому проекту на строительство скважин №№783, 7569, 831, 7543, 552, 7678, 7670, 825, 514, 7836 месторождения Северная Трува, раздел охраны окружающей среды (РООС) к рабочему проекту «Расширение обустройства месторождения Северная Трува 2023г.»

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Актобинская область, Байганинский район, Кызылбулакский с.о., с.Кемерши, ул.Бирлик 15 (актовый зал в здании акимата), 26/05/2023 10:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (20 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Газета «Актобинский вестник» (рус), газета «Актобе» (каз); Rika TV

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Стенд расположен в здании акимата Кызылбулакского сельского округа, с.Кемерши, ул.Бирлик 15

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "СНПС - АКТОБЕМУНАЙГАЗ" (БИН: 931240001060), 8-713-276-6149, 8-713-276-6456,
zhukduzbaev@cnpc-amg.kz, nll.cnpc-amg@mail.ru,

Представитель: АО "СНПС-АМГ"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов
административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных
слушаний**

исходящий номер: 23263115001, Дата: 03/04/2023

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №23263115001, от 31/03/2023 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Раздел охраны окружающей среды (РООС) к индивидуальному техническому проекту №732 на строительство оценочной скважины СТ-73 месторождения Северная Трува, корректировка проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) загрязняющих веществ в атмосферу для месторождения «Северная Трува» НГДУ «Октябрьскнефть» АО «СНПС- Актобемунайгаз» на 2023 год, раздел охраны окружающей среды (РООС) к групповому техническому проекту на строительство скважин №№783, 7569, 831, 7543, 552, 7678, 7670, 825, 514, 7836 месторождения Северная Трува, раздел охраны окружающей среды (РООС) к рабочему проекту «Расширение обустройства месторождения Северная Трува 2023г.», в предлагаемую Вами 26/05/2023 10:00, Актюбинская область, Байганинский район, Кызылбулакский с.о., с.Кемерши, ул.Бирлик 15 (актовый зал в здании акимата)(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "СНПС - АКТОБЕМУНАЙГАЗ" (БИН: 931240001060), 8-713-276-6149, 8-713-276-6456, zhukduzbaev@cnpc-amg.kz, nll.cnpc-amg@mail.ru,

Представитель: АО"СНПС-АМГ"

Составитель отчета о возможных воздействиях: АО"СНПС-АМГ"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың тізімі

№	Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың аты-жөні	Жұмыс орны/ тұратын жері	ЖСН
1	Буркитбаев Д. М.	Мұнай-газ кен орындарын барлау департаменті директорының орынбасары, «СНПС-АМГ» АҚ	710816350784
2	Боранбаев К.К.	ҚОҚ бөлімі, жетекші инженер-эколог, «СНПС-АМГ» АҚ	611124300391
3	Жулдузбаев С.Ж.	ҚОҚ бөлімі инженер-эколог «СНПС-АМГ» АҚ	950315351262
4	Серикбаев Ж. Н.	БжӨТ бөлімінің жетекші инженері, ҒЗИ «СНПС-АМГ» АҚ	870203300717
5	Сугурбаева Г. С.	БжӨТ бөлімінің инженері, ҒЗИ «СНПС-АМГ» АҚ	851025401456
6	Кальменова Н.К.	Техникалық бөлімінің инженері, КҚД "СНПС-АМГ" АҚ	810422401800
7	Жубаниязов С.Т.	ОМ МГӨБ бастығының орынбасары «СНПС-АМГ» АҚ	680301301986
8	Жубалиев Р.Б.	ОМ МГӨБ «СНПС-АМГ» АҚ	800521302204
9	Раймкулов Е. А.	Кадрлар бөлімінің бастығы ОМ МГӨБ «СНПС-АМГ» АҚ	830701301229
10	Мұңалова Аққалы Нұрқашқызы	ҚЫЗЫЛБҰЛАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНІҢ М.У.А .	870418400514
11	ЖУМАБАЕВ АСЫЛАМБЕК НУРЛЫБЕКОВИЧ	Кемерши ауылдық клубының меңгерушісі	860425300514
12	АБДРАХМАНОВ АБИЛ	ЗЕЙНЕТКЕР, АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ	420520300996
13	КЕНЖЕГАРИН АЙБАТ ИБАТОВИЧ	«ҚЫЗЫЛБҰЛАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» ММ ЖҰМЫСШЫСЫ	630904301539
14	МАНКИНА ГУЛЖАН НАУРЫЗГАЛИЕВНА	«БАЛДӘУРЕН БАЛАЛАР БАҚШАСЫ» ЖҰМЫСШЫ	690223402295
15	АБДУЛЛИН АЙДАРБЕК КУБЕШОВИЧ	«ҚЫЗЫЛБҰЛАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» ММ КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІ	660315302075
16	РАХАТОВ БОЛАТБЕК АКЫЛБЕКОВИЧ	ЖҰМЫССЫЗ	960629351310
17	Жумабаева Гулмиса	Қызылбулақ ауылының тұрғыны	790330402258
18	Урдабаева Айгуль Сергеевна	Қоғамдық жұмыс	860513400182
19	Таушанова Сайлаугул	Қоғамдық жұмыс	670327401843
20	БЕКЕНОВА ЛАЗЗАТ САЙЫНОВНА	Қоғамдық жұмыс	810226401647

21	ТИЛЕПОВА СВЕТЛАНА БИБИТОВНА	Қоғамдық жұмыс	900316451047
22	Төрешова Жаңылсын	Зейнеткер	610125401973
23	САРИМОВ АЗАМАТ МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ	Кемерши ауылдық клубы күзетші	910110302242
24	Таубаев Әзілхан	Қызылбулақ ауылының тұрғыны	970910350936
25	Аманжол Көркем	Қоғамдық жұмыс	960519451231
26	ЕСЕНОВА АЛИЯ АМАНГЕЛЬДИЕВНА	Почта қызметшісі	821122402189
27	Жубатова Альбина	Қоғамдық жұмыс	890125400119
28	Аккамекова Гулсая	Қоғамдық жұмыс	921116401733

Премьер-Лига

ҮШІНШІ ІРІ ЖЕҢІС

«Ақтөбе»-«Атырау» — 4:0



15-16 сәуір күндері ел чемпионатының 6-тур ойындары өтті. «Қызылжар» алтыншы турда да жеңіске жетіп, 18 ұпай жинады. «Астана» елордада «Қайраттан» оңбай ұтылса (0:3), «Ордабасы» Шымкентте «Тобылды» жер тізерлетті (4:1). «Каспий» бірінші рет жеңіске жетті.

«Ақтөбе» өз алаңымызда «Атырау» командасын қабылдады.

Жергілікті жанкүйерлердің басым бөлігі бұл кездесу жерлестеріміздің пайдасына шешілетінін болжаған болатын. Солай болды да.

Дегенмен қонақтар да барынша қарсыласып бақты, ұтылуға келгендерін байқапты, тиянақты ойнауға тырысты. Алаң алма-кезек шабуылдарға толы болды. Сондай шақтардың бірінде, бірінші тайм аяқталар тұста, 40-минутта қарсыластардың айып алаңындағы кезекті қарбаласта Әділхан Таңжарықов әріптесіне ылдым-жылдым пас тастады да, бұған дейін қанжығасы майлана қоймаған Лука Гадрани сол аяғына дөп келген допты еңіретө тетті. «Атыраудың» қақпашысы Егор Хаткевич те, қорғаушылар да сілейіп тұрып қалды.

Екінші таймда қонақтар есе қайтаруға тырысты. Бірақ ақтөбелік бас бапкер Андрей Карпович жасаған алмастырулар тамаша нәтижесін берді. Ойынға 70-минутта қосылған Арман Кеңесов әуелі сол бойда, одан соң бес минут шамасы өткенде атыраулық қақпашыны екі рет қапы қалдырды. Және екі голды да бір нүктеден дерлік жерден сол аяқпен теуіп енгізді. Ал қос таймға қосылған ақырғы минуттардың бірінде бір бүйірден шыға келген Ескендір Қыбырай және бір допты алдынан атып шыққан қақпашыны алдап түсіріп, жібек торға ысыра салды. Ескендір де алаңға екінші таймда шыққан еді.

Бұл кездесуде қақпашыны Стас Покатиловтың өте сақ ойнағанын атап өткен жөн. Ол, қақпашыны былай қойғанда, екі рет шабуылшы өзіне бетпе-бет шыққан кезде допты қақшып үлгерді.

Осымен «Ақтөбе» үшінші рет ірі есеппен жеңіске жетті. Бұдан бұрын өз алаңымызда «Оқжетпесті» 5:1, сырт алаңда «Астана-ны» 4:1 есебімен ұтқан едік.

«Ақтөбе»-«Атырау» — 4:0

Гол авторлары: Лука Гадрани, 40-минут (1:0); Арман Кеңесов, 71-минут (2:0); Арман Кеңесов, 76-минут (3:0); Ескендір Қыбырай, 90+4 минут (4:0).

«Ақтөбе» төмендегі құрамда ойнады: Стас Покатилов, қақпашы, Дмитрий Шомко, Лука Гадрани, Әлібек Қасым, Әділхан Таңжарықов, капитан (Ескендір Қыбырай, 48-минут) Милаш Раичкович (Артурас Жулла, 70-минут), Леонель Струмия, Максим Самородов (Ыдырыс Умаев, 48-минут), Андрия Филипович (Арман Кеңесов, 70-минут), Дегболе Ньянго

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТЕРДІ ҚОРҒАЙЫҚ

Еліміздің қатал ауа райы жағдайында теміржолдарды қар, құм көшкіндерінен қорғауда екпе ағаштардың алатын орыны зор. Жасыл желек қорғанышы пойыздар қозғалысын қамтамасыз ету, жолдың өткізгіштік қабілетін арттыру жөнінде қолданылатын шаралар жүйесінде инженерлік функциясын атқарады.

Теміржол бойымен жүріп келе жатып, екі қапталына қарасаңыз, әсем егілген тал-теректерді көріп, көңіліңіз бір көтеріліп қалады. Теміржол маңын қыс айларында қар басып қалмау үшін ол ең үлкен қорған болады және экологиялық тазалыққа да жол ашады. Осы аралықтағы қорғаныс екпе ағаштарды күтіп баптау — біздің міндетіміз. Ағаштардың аралықтарындағы жолақтарды, ағаштардың өсуіне ылғал жасау және өртен қорғау мақсатында жылына екі рет жыртыамыз. Сонымен қатар құраған ағаштардың қалдықтарын және қоқыстарды жинап тазалаймыз.

Теміржол бойындағы тұрғындардан жол жиегіндегі қорғаныш екпе ағаштарды отынға кеспеуін, малдарын ағаштарға жібермеуін және өрт қаупінегізді ережелерін қатаң сақтауын сұраймыз.

Ақтөбе төлім шебері
Ануар УРАЗБАЕВ.

Хабарландыру

Ақтөбе қаласы, 41-разъезд, Алдыңжан станциясы, 28А уч. мекенжайы бойынша орналасқан «Асфальт-бетон зауытын, тұрмыстық корпусы бар әкімшілік ғимаратын, БӨП, таразы, жөндеу-механикалық шеберханасы бар гараж және жүк автокөлігіне арналған бастырма салу» жобасы бойынша 26.04.2023 ж. мерзімінен бастап бес жұмыс күні ішінде көпшілікпен талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттармен танысу, ескертүлер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады. Жобаға тапсырыс беруші — «Жалаугер-НС» ЖШС. Жергілікті атқарушы орган – «Ақтөбе облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7132) 50 09 30.

«ATS REFINERY» ЖШС

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2023 жылғы 30 мамырда сағат 15.00-де Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жем қ., Әйтеке би көшесі, 10 Мәдениет үйінің ғимаратында «ATS REFINERY» ЖШС үшін нысандағы болжанатын іс-шараларға ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (БЭП) <https://ecoportal.kz/> сондай-ақ ЖАО «Ақтөбе облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

Ескертүлер/ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде БЭП, сондай-ақ Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр Хан даңғылы, 40 «Ақтөбе облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8(7132)550934 pedra2004@inbox.ru эл.адресі бойынша қабылданады.

ТЖ және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/9483544874?pwd=eUJlQStmVWVWEM2ZsYTh1MnNSd2VUQT09>

Конференция сәйкестендіргіші: 948 354 8747

Қосылу коды: 556C5S

Сонымен қатар белсенді сілтеме БЭП және ЖАО «Ақтөбе облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында ұсынылады.

Жобалаушы: ЖК Рысальдинов Д.С., ЖСН:790507302332 тел.: +7-705-837-94-41, ryssalidinov@mail.ru, Ақтөбе қаласы, 11-ш.а., 112 Г үй, 3ББ.

Қосымша ақпаратты белгіленген қызметтің бастамашысы — «ATS REFINERY» ЖШС, БСН 220840020325, Қазақстан Республикасы Алматы қаласы Алмалы ауданы, Төле би көшесі, №66/2 үй. Сондай-ақ 87058379441 телефоны арқылы алуға болады.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы — «QazCement Industries» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш келіп түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: 1) Шөгінді тау жыныстарын өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспары: ҚР Ақтөбе облысы Байғанин ауданындағы «Сыр-Ирек» кен орнының цемент шикізатын өндіруге арналған мергель. (5899), 2) Шөгінді тау жыныстарын өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспары: ҚР Ақтөбе облысы Байғанин ауданындағы Кенжалы-1 кен орнының цемент шикізатын өндіруге арналған саз. (5908), 3) Шөгінді тау жыныстарын өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспары: Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Байғанин ауданындағы «Кенжалинское» кен орнының цемент шикізатын өндіруге арналған бор. (5918)

Өтінішпен сайттарда танысуға болады: <https://ecoportal.kz/> жария талқылаулар айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі).

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертүлер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайға жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпаратты: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертүлер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 14.04.2023 ж. – 14.05.2023 ж.

«WEST SMART TRADING» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2023 жылы 22 мамырда сағат 15:00-де Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы Ә.Молдағұлова көшесі, 46, 303-кеңсе мекенжайында «WEST SMART TRADING» ЖШС шығарындылар көздерінен атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары (ШРШ) нормативтерінің жобасы» материалы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz/>), сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Барлық ескертүлер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz/>) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecoportal.kz/>) және ЖАО сайтында ұсынылады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Қосымша ақпаратты Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы Ә.Молдағұлова к., 46, 303-кеңсе мекенжайы бойынша алуға болады.

«АралСода» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2023 жылғы 25 мамырда сағат 15.00-де Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Біршоғыр ауылдық округі, Біршоғыр ауылы (ст), Отарбаев көшесі, 9, Ақтөбе облысы Шалқар ауданы «Бершүгір ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің мекен жайы бойынша:

— Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы «Төлегенсай кен орнының шығыс қапталындағы құрылыс тасын (актасты) өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына» «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» (ҚОҚБ) жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертүлер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/2538101026?pwd=WXBlVnliXbZ0RT09OShV00Z0FRjdj09> немесе конференция идентификаторы: 253 810 1026. Кіру коды: 0ShUIN.

Қосымша ақпаратты zh.turebekova@yandex.kz электронды поштасы және 8-702-437-11-60 телефоны арқылы алуға болады.

«АралСода» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2023 жылғы 25 мамырда сағат 15.00-де Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Біршоғыр ауылдық округі, Біршоғыр ауылы (ст), Отарбаев көшесі, 9, Ақтөбе облысы Шалқар ауданы «Бершүгір ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің мекен жайы бойынша:

— Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы «Төлегенсай кен орнының шығыс қапталындағы құрылыс тасын (актасты) өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына» «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» (ҚОҚБ) жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертүлер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/2538101026?pwd=WXBlVnliXbZ0RT09OShV00Z0FRjdj09> немесе конференция идентификаторы: 253 810 1026. Кіру коды: 0ShUIN.

Қосымша ақпаратты zh.turebekova@yandex.kz электронды поштасы және 8-702-437-11-60 телефоны арқылы алуға болады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ

90-71-55

aktobesmi@mail.ru

Александр Петрович КОГАЙ

75 жыл облыстың дамуына елеулі үлес қосқан, облыстың қаржы жүйесі саласында ұзақ жылдар бойы басшылық лауазымдарды атқарған облыстың қаржы қызметінің ардагері Александр Петрович Когай дүниеден өтті.

Александр Петрович 1947 жылы 29 тамызда Ақтөбе облысы Қарабұтақ ауданы Бөгетсай ауылында дүниеге келген.

1972 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп мамандығы бойынша бітірген.

Ол облыстың қаржы жүйесінің дамуына үлкен үлес қосты, өз қызметін совхоздың қатардағы есепшісі қызметінен бастады. Облыстың қаржы жүйесінде 19 жыл жұмыс істеп, сол жерден еңбек демалысына кетті. Ол өсіп келе жатқан жас мамандарға үлгі болды және кез келген лауазымды абдыроймен атқарды.

Әріптестері мен достары арасында әрқашан зор құрмет пен құрметке ие болған Александр Петровичтің еңбегі бірнеше рет марапатқа, медальдарға және «Құрмет» орденіне ие болды.

Өзіне жүктелген міндеттерді үлкен жауапкершілікпен және біліктілікпен орындаған, өз ортасында үлкен бедел мен құрметке ие болған, өмірі замандастары мен жас ұрпаққа үлгі болған азамат Александр Петровичтің жарқын бейнесі оны білетіндердің жадында ұзақ сақталады.

Марқұмның отбасына, туыстары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтамыз.

«Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ ұжымы.

«Энергосистема» ЖШС

АЭК ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті 2023 жылдың 12 ақпанынан №18-НҚ Бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 1 мамырынан бастап электр энергиясын жеткізу қызметтерінің тарифі ҚҚС-сыз 7,22 теңге болатынын тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғаларға хабарлайды.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ

